| | | |
|---|---|---|
| | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет | |
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Сабақ барысында өздеріне сенімсіз оқушылар анағұрлым өздеріне сенімді оқушылармен жұмыс істеу барысында, есепті шешу және талқылау жолдарын бақылап үйренеді. Топтық талқылауда барлық оқушының қатысатынына, білімі төмен оқушылардың басқаларға тәуелді болмауына сынып оқушыларының сенімді болуы жоспарланған. | Оқушыларды жұмыс жасау барысында өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды, сабақ барысында ерекше қабілет көрсеткендерге мадақтауды, мотивациялау мақсатында жеке дара жетістіктері мен ынталарын ескеріп ауызша бағалауды қолданамын. Сабақтың соңында рефлексия формасында өзін-өзі бағалауды ұйымдастырамын. | Оқу процесінің күйзеліс түзуші факторларын алып тастау мақсатында әр оқушы өзін еркін ұстауына, көңіл күйінің көтеріңкі болуына жағдай туындатамын. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | **Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.** |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | |

◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊◊

**Түркістан облысы Созақ ауданы Шолақ-қорған елді мекені «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» география пәнінің мұғалімі Бимуратова Халида Арғынбайқызы**

## Табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын талдау, салыстырмалы сипаттама жасау.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың түрі | Жаңа сабақ | |
| Сабақтың мақсаты | Табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын талдайды, өзі таңдаған екі табиғат белдеуді салыстырады | |
| Тілдік мақсат | Оқушылар<br>Таралу аймақтарын ауызша және жазбаша сипаттай алады.<br>Таралу аймақтарын сипаттай және салыстыра алады. | |
| Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер | Таралу аймағына сипаттама беріңіз….<br>Қандай өсімдіктер бар екен?<br>Осындай ортаны қалыптастыру үшін қандай климат қажет?<br>Алдымен ортақ ерекшеліктерін сипаттап өтейік.<br>Ұқсастығы неде?<br>Айырмашылықтары неде?<br>Немен ерекшеленеді? | |
| Алдыңғы білім | Географиялық қабықтың заңдылықтары | |
| | Егер төмендегі жетістік критерийлерін орындаса оқушы оқу мақсатына жетеді | |
| Дағдылар | Жетістік критерийлері | |
| Талдау<br>Қолдану | Табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын талдайды<br>Табиғат зоналарын салыстырады, сипаттама жасайды | |
| | Жоспар | |
| Уақытты жоспарлау | Жоспар бойынша орындалуы тиіс тапсырмалар | Ресурстар |
| 1-10 | Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>✓ Үй тапсырмасын тексеру.<br>Сурет арқылы бүгінгі тақырыпқа алып келу<br>Миға шабуыл сұрақтары:<br>–Неліктен біздің жерімізде банан өспейді?<br>–Климат дегеніміз не?<br>–Дүние жүзінде қанша климаттық белдеулер бар?<br><br>Тақырыпты ашу үшін өлі және тірі табиғат арасындағы байланысты сызба түрінде топта оқушыларға сызуды ұсынамын. | Clil әдісі |